

ӘОЖ 37.033:502/504:37.03

С.М. Каупенбаева*, Е.Ж. Масанов

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: samal_75@inbox.ru

Бұқаралық ақпарат құралдары экологиялық мәдениетті қалыптастырудың жетекші институты ретінде

Бүгінгі таңда біз өз өмірімізді теледидарсыз, радиосыз және интернетсіз елестете де алмаймыз. Осы дереккөздерден біз қажетті ақпараттарды алып отырамыз. Адам әлеуметтік тұлға болғандықтан үнемі өзінің ақпараттық тұтынушылығын қанағаттандырып отыруы тиіс. Ол ақпараттық вакуумда өмір сүре алмайды. «Кім ақпаратты меңгерсе – сол әлемді меңгереді» деген сөз бар, сол себепті адамдар айналасында болып жатқан оқиғалар туралы ақпарат алуға тырысады. Осы мақсатқа жетуге бізге БАҚ көмектеседі. Бұдан бөлек, бұқаралық ақпарат құралдары өзінің тікелей қызметін атқара отырып – ақпараттар тарату арқылы қоғамды тыныштыққа, сабырлылыққа шақыру, адамдарға дұрыс шешім қабылдауға себепкер болу, қандай да бір оқиғаға қоғамның назарын аударту немесе керісінше басқа жаққа бұру, әлде бір нәрсеге пікір қалыптастыру, яғни қоғамдық пікірді басқара алады. Жалпы алғанда, бүкіл әлемде БАҚ-тың қоғамдық пікірді қалыптастырудағы маңызы өте зор екені дәлелденген жайт. Ал, біздің жағдайда бұқаралық ақпарат құралдары экологиялық сананы қалай қалыптастыра алады? Бұл үшін біз адамның табиғатпен өзара қатынас проблемасы туралы, қазіргі заманғы бұқаралық ақпарат құралдары жөніндегі ұғымдарымызды жинақтап, БАҚ-тың осы тұста қандай қызметі барын, оның адам санасына әсер етуінің түрлі әдістерін саралаймыз.

Түйін сөздер: Бұқаралық ақпарат құралдары, медиа, медиамәдениет, жаһандану, телеарна, журналистика, интернет, теледидар, радио, басылымдар, кинофильм, деректі фильм.

S. Kaupenbayeva, E. Masanov

The media as the leading institutes of formation of ecological culture

Today we can not imagine life without television, radio and the Internet, as they are the main sources of information. Man as a social individual feels the need to satisfy the information needs. It can not exist in an information vacuum. «The man who owns the information, controls the world», and so people are always trying to be aware of all the events that are closely linked to them. Media is the achievement of this goal. Because of this, we can specify a number of functions Media: by transmitting information provides stability in society, calls for tolerance, promotes the adoption of a «correct» decision, focuses public attention on anything in particular, or redirect their attention in a another direction, building and managing public opinion. There is no doubt that the media plays an important role in the formation of public opinion. Will the media to generate environmental awareness in our case? In this regard, we will consider and discuss the problem of the relationship between man and nature, try to organize all of the concepts of modern media and analyze the operations and technologies of the media to influence the human mind.

Key words: media, media culture, globalization, a television journalism, internet, television, radio, publishing, movies, documentaries.

С.М. Каупенбаева, Е.Ж. Масанов

Средства массовой информации как ведущий институт формирования экологической культуры

Сегодня мы себе представить не можем жизнь без телевизора, радио и интернета, так как они являются главными источниками информации. Человек как социальный индивид испытывает

необходимость удовлетворять потребности в информации. Он не может существовать в информационном вакууме. «Человек, владеющий информацией, управляет миром», и поэтому люди все время стараются быть в курсе всех событий, которые имеют к ним непосредственное отношение. СМИ являются достижением этой цели. Ввиду этого можно указать ряд функций СМИ: посредством передачи информации обеспечивают стабильность в обществе, призывают к толерантности, содействуют принятию «правильного» решения, акцентируют общественное внимание на чем-либо конкретно или перенаправляют их внимание в другое русло, формируют и управляют общественным мнением. Бесспорно, что СМИ занимают важное место в системе формирования общественного мнения. Смогут ли СМИ сформировать экологическое сознание в нашем случае? В связи с этим мы рассмотрим и обсудим проблему взаимоотношения человека и природы, попытаемся скомпоновать все понятия о современных средствах массовой информации и проанализируем деятельность и технологии СМИ по влиянию на человеческое сознание.

Ключевые слова: Средства массовой информации – СМИ, медиа, медиакультура, глобализация, телеканал, журналистика, интернет, телевизор, радио, издания, кинофильмы, документальные фильмы.

Қазіргі технологиялық жаһандану заманында ақпарат алу көзі ретінде тұлғаның БАҚ-қа деген тәуелділігі қарқынды өсуде. БАҚ қазіргі бұқаралық мәдениет сипатына тән әртүрлі топтардың жастарымен тұтынылады және сол арқылы олардың құндылық бағытын қалыптастыра отырып, мінез-құлық нормалары мен мінсіз тұлғалық үлгілерді тарату қызметін атқарады.

Медиа-мәдениет – баспа, теледидар, кинематография, видео және компьютерлік арналар арқылы бүкіл әлем бойынша шапшаң дамуда. Адамзаттың қоршаған әлемді оның әлеуметтік, интеллектуалдық, құндылықтық, көркемдік және психологиялық қырларының қалыптасып танудағы кешенді құралы бола отырып, оның қоғамдағы рөлі бұрын соңды болмаған қарқынмен өсуде. Әлеуметтену адамның заманауи қоғамдағы өмір сүруге үйрену тәжірибесін білдіреді. Ол индивидтің өз бойына «басқаларға маңыздырақ» қатынас жасау барысында ортақ құндылықты «таңдауы», яғни жалпыға ортақ ұстанымдарының интериоризациясымен байланысты. Сонымен қатар әлеуметтенумен бірге әлеуметтік бақылау, әлеуметтік теңдікті орнатудағы екі негізгі құралына қатысты. Э. Гидденс әлеуметтендіруді «соған сәйкес жас жеткіншектер әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды сіңіретін әлеуметтік үдеріс» ретінде анықтайды; «бұл үдерісте олардың тұлға ретінде қалыптасуы өтеді. Әлеуметтендіру үдерістері тұлғаның жастық кезеңінде айрықша маңызды болғанына қарамастан, олар оның өмірінің өн бойында жүріп отырады. Ешбір адам оның әсерінсіз басқа адамдармен қоян-қолтық өмір сүре алмайды, бұл тұлғаның мінез-құлқына оның өмірлік кезе-

нінің барлық сатыларында ықпал етіп отырады» [1].

«Медиа (латынша «media», «medium» – құрал, сарапшы, аралық немесе ақпараттық) – термині алғашында, XX ғасырда «көпшілік» мәдениет феномендерін көрсету үшін енгізілген. Ал «медиа-мәдениет» түсінігіне нақтырақ тоқталатын болсақ, ол мемлекет пен қоғамды, билік пен әлеуметті байланыстырушы болып табылатын, ақпараттық қоғамның ерекше мәдени үлгісін көрсету үшін енгізілген, мәдениеттің заманауи теориясының туындысы» [2].

Медиа-мәдениетті – қоғамдық сананың қалыптасуына және тұлғаның әлеуметтенуіне түрткі болатын, тарихи-мәдени даму барысында адамзатпен жасалып, өңделген материалды және интеллектуалды құндылықтардың, ақпараттық-байланыстырушы құралдарының жинақталған негізі ретінде анықтауға болады. Сонымен қатар, медиа-мәдениет құрамына ақпараттандыру мәдениеті мен ақпаратты қабылдау мәдениеті қосылады; ол медиа және т.б. құралдар арқылы білімді игеріп, медиа шығармашылығымен әрекеттесуге, медиа-мәтінді бағалап, талдап, игеру және даму деңгейінің жүйесін көрсетеді.

Соңғы онжылдықта қазақстандық медиа-мәдениеттің аясы коммуникацияның жаһандық жүйелерінің қалыптасуы ұстындарының әсерімен айтарлықтай түрленді. Телекөрініс, компьютер, интернет, ұялы телефон ширек ғасырдың ішінде қазақстандықтардың маңызды бір бөлігіне қолжетімді болып қана қойған жоқ, сонымен қатар күнделікті өмірге, күнделікті әлеуметтік және мәдени тәжірибеге енгізілді.

Қазақстандық медиа аймақта, жаһандық медиа аймақтағы сияқты, кітап оқу мәдениетін ығыстырып шығарған экрандық мәдениетке басымдылық берілді. Қазақстанда кабельді және сандық телекөрініс қарқынды дамып келеді, сонымен қатар Интернетті де осы санатқа жатқызуға мүмкіндік бар. Заманауи ақпараттық технологиялар ақпараттық нарықта кеңінен кәдеге жаратылып келеді. Ұлттық ТВ мен радиобекеттер ұлттық жерсеріктік жүйе арқылы хабарлар таратады. 2002 жылы Caspionet (Eutelsat операторы) жерсеріктік арнасы жасалды. Республиканың барлық аумағына кабельді және жерсеріктік арналар арқылы BBC, CNN, Deutsche Welle, «Бостандық радиобекеттері», Польша арнасы Polonia, Ресейлік және басқа да теле- және радионаралардың бағдарламалары тарайды.

БАҚ әрекетінің және Қазақстан Республикасының ақпараттық нарығының қолданылуының негізі Қазақстан Республикасының Конституциясы болып табылады. Ол сөз бостандығы мен шығармашылық еркіндігіне кепілдік береді, цензураға тыйым салады, кез келген, заңмен тыйым салынбаған тәсілмен ақпаратты еркін алуға және таратуға әрбір адамның құқығын қалыптастырады, идеологиялық және саяси алуандықты мойындайды.

Қазіргі таңда Қазақстанда 80%-дан астам БАҚ мемлекеттік емес болып табылады. Либералдандыру мен нарықтық реформалар БАҚ-тардың сандық та сапалық та тұрғыдан өсуіне әкелді. Қазақстан бүгінде БАҚ-тың дамуы қарқыны бойынша Орталық Азия мен Кавказ елінің көпшілігінің алдын орайды. Қазақстанның медиалық инфрақұрылымдарды дамыту жөніндегі көшбасшылығы туралы елдегі жыл сайын өткізілетін Еуразиялық медиа-форум дәлел бола алады.

Қазақстан Республикасында 8 248 бұқаралық ақпарат құралдары (2 513 БАҚ белсенді түрде қызмет етуде), 212 электронды бұқаралық ақпарат құралдары тіркелген, 2 392 шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары тарайды, сонымен қатар KZ доменінде 9000-нан астам домендік атау тіркелген. БАҚ-тың 85 пайызы үкіметтік емес болып табылады [3].

Мемлекеттік басылымдар жергілікті әкімшіліктердің (биліктің атқарушы органдары) және мәслихаттардың (биліктің өкілетті органдары) қолдауымен елдің барлық аймақтарында шығып келеді. Астана мен Алматыда бірнеше мемлекеттік

республикалық газеттер мен журналдар басылып шығады, республикалық мемлекеттік телекөрініс және радиобекеттер хабар таратады.

Қазақстанда жарық көретін бұқаралық ақпарат құралдарының ширегіне жуығы республикалық болып табылады. Республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының басым көпшілігі қоғамдық-саяси басылым сипатын ұстанады, яғни іс жүзінде барлық тақырыптарды қамтитын әмбебап басылымдар ретінде көрініс табады, республикада 20 кеңінен танымал іскерлік басылымдар (газеттер мен журналдар) қызмет етеді.

Қазақстанда, ресми мәліметтер бойынша, 10 ақпарат агенттіктері, 2970 тіркелген бұқаралық ақпарат құралдары, оның ішінде 200-ден астамы электрондық ақпарат көздері қызмет етеді. Орталық Азия, Орта Шығыс, Еуропа және Солтүстік Африка елдері аумақтарына хабар таратуды жүзеге асыратын «Caspionet» жерсеріктік телеарнасы бар. Елімізде хабар тарату қызметін жеткізетін отандық және шетелдік электрондық БАҚ-тардың кабельді және эфирлік-кабельдік телекөрініс желісінің 80 операторы қызмет атқарады, олардың ішіндегі ең ірілері «Алма-ТВ» (елдің 13 қаласына тарайды), «Қазақпараттелеком», «Секател» және «Қазорталық-ТВ» (5 қалаға тарайды), «КВК» (4 қалаға).

Республикада иелері қаржылық-өнеркәсіптік топтар немесе ірі бизнесмендер болып табылатын бірнеше ірі медиа-холдингтер қызмет етеді. Холдингке сонымен қатар мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдары («Арна медиа» холдингі – «Хабар», «Ел Арна», «Қазақстан», Caspionet телеарналары, «Қазақ радиосы», «Хабар», «Шалқар» радиобекеттері, «Казахстанская правда», «Егемен Қазақстан» газеттері, «Казинформ» ақпараттық агенттіктері және т.б.), сонымен қатар үкіметтегі «Нұр Отан» партиясы билейтін масс-медиа біріктірілген («Астана» телеарнасы, NS және РДВ радиобекеттері, «Айқын», «Литер», «Түркістан» және т.б. газеттер). Басқа холдингтер ресми құрылым болып табылмайды.

Қазақстан Республикасы тұрғындарының жартысына жуығын қамтитын эфирлік телеарналар саны 10-нан аз (мемлекеттік телеарналар «Хабар», «Қазақстан» және «Ел Арна», «Асыл арна» жекеше КТК, НТК, «СТВ»), («Жетінші арна», «Астана» және «31 арна»). Олардың шамамен алғанда, жартысы Астанадан, қалғандары Алматыдан хабар таратады. Елдегі мемлекеттік

тіл қазақ тілі болып табылса да, орыс тілі ресми тіл болып есептеледі және қазақ тілімен тең қолданылады [4].

Қазақстан медиа ортасы елдің демократияға транзитінің маңызды ұстыны болып табылады. Қазақстанның бірегей ақпараттық кеңістігінің қалыптасуы, масс-медианың қарқынды дамуы (баспасөз, сонымен қатар электронды: кабельді және жерсеріктік ТВ, видео, сандық кино және телекөрініс, компьютерлік арналар, интернет желісі, CD-ROM-дар, DVD, ұялы байланыс, электрондық пошта) қоғамның саяси және экономикалық дамуына әсер ететін көптеген әлеуметтік үдерістердің үдеткішіне айналды.

Адамның мәдени әлеуметтендірілуімен тікелей байланысты оның құқығының тақырыбы мемлекеттік тапсырыстарды орындайтын жетекші республикалық телеарналардың ақпараттық-сараптамалық, интерактивті бағдарламаларында кеңінен насихатталды. Бұл төңіректе айрықша атап өтуге тұрарлығы, «Хабар» телеарнасындағы «Жеті күн», «Бетпе бет»; «Қазақстан» РТРК-дағы «Айна-апта», «Назар»; «31 арна» телеарнасындағы «Жеке көзқарас», «Назар шоғыры»; «Рахат» телеарнасындағы «Апта панорамасы»; «Астана қаласының телекөрінісі» арнасындағы «Үлкен рейтинг».

Инновациялық жаңару заманына сай жаңа электрондық бұқаралық ақпарат құралдарының таралуы медиаәсер ету сипатына үлкен түзетулер енгізді. Жастарға ақпараттық әсер ету сипаты бұқаралықтан даралыққа ауыса бастады. Жаңа бұқаралық ақпарат құралдары сөздің дәстүрлі мағынасында енді бұқаралық болып табылмайды. Хабарлардың және хабар көздерінің көптігіне байланысты аудиторияның бағдарламаны өз бетінше таңдау бейімділігі жоғарлауда. Жаңа бұқаралық ақпарат құралдарының, соның ішінде интернеттің қарқынды дамуы БАҚ-ты дербес пайдалануға, медиамәтіндерге жеке бақылау жасауға мүмкіндік береді. Интерактивті каналдар, әлеуметтік желілер және киберкеңістіктің басқа элементтері белсенді қолданылатын интернет бірте-бірте БАҚ-ын пайдаланушы жастардың арасында басымдылық көрсетеді. Осының барлығы жастардың ақпараттық еркіндік дәрежесін кеңйте отырып, медиаәсер етуге өз түзетулерін енгізеді. Бұл үрдістер тұлғаның экологиялық санасы мен мәдениетін қалыптастыруда БАҚ-ың мәнін төмендетеді. Сонымен қатар қазіргі кезде аудиторияның жіктелу үр-

дісімен байланысты БАҚ-ың жаңа жағдайға бейімделуі байқалады. БАҚ тұрғындардың жастардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын жаңа медиа-өнімдер ұсына бастады [5].

Экологиялық проблемалардың тұрғындардың денсаулығы мен өмір сүру сапасына едәуір кері әсерін тигізетіні дәлелденген дерек. Осы жерде «Оларды неге БАҚ жүйелі түрде ескермейді?» деген сұрақ туындайды. Мұны түсіндіру үшін біз конструкционистік тәсіл өкілдерінің жұмыстарына жүгінеміз.

Конструкционизм немесе конструктивизм әлеуметтік ойдың бір бағыты ретінде 20 ғасырдың 70-жылдары пайда болды [6]. Ол әлеуметтік проблемалардың мәнін және олар қандай мағыналармен бөлінетінін анықтайды. Мысалы, бір қоғамда экологиялық апат болып табылатын нәрсе басқа бір қоғамда басқа мәнге ие болуы мүмкін. Қоршаған орта проблемасы сол проблема туындағанда емес, қоғам сол проблемаға назар аударғанда ғана проблема болады [7].

Экологиялық проблемалар әлеуметтік проблемаларға жатқызылғанымен, олардың мәнін түсіну өте күрделі. Озон қабатының бұзылуы, қышқылды жауындардың жаууы немесе радиоактивті ластанудың болуы сияқты инвайронментальды проблемалар ашық көрінбейтін проблемалар және оларды адамдар тікелей өз басынан өткере де, түсіне де алмайды. Осыған байланысты, мұндай проблемалар оларға деген қатынасын қалыптастыруда қиындық тудырады. Сондықтан қоғам экологиялық ақпараттарды тарататын БАҚ-тың каналдарынан ғалымдарға, экологиялық ұйымдарға, саясаткерлерге жүгінеді. Бұл жағдайда инвайронментальды проблемалар ұжыммен анықталатын өнім болады да, соның ішінде БАҚ негізгісі болып табылады [8].

Қазіргі кезде бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ), бұрын-соңды болмаған, өркениетті элементтің кез келген іскерлік қызметіндегі табысқа жетудің негізгі кілті ретінде өз орнын тапқан және өзінің көптеген құрамдас элементтерімен: мазмұнымен, қасиеттерімен, нысандарымен, әдіс-тәсілдерімен және белгілі бір ұйымдастыру деңгейімен (ел ішінде, өңірлерде, өндірісте) дербес жүйе болып қалыптасқан.

Экологиялық мәдениеттің қалыптасу проблемасы да БАҚ-да өз орнын табуы тиіс. Себебі бүгінгі күні көпшілік жұрт экологиялық жағдайлар туралы ақпараттарды дәл осы бұқаралық ақпарат құралдарынан алады. Адамдар орын алып

отырған проблемалар жайында, оларға деген көзқарастары туралы, қоғамдағы бұл кесепат тұрғысындағы іс-әрекеттерді немесе қоршаған ортаны қорғау бойынша өздерінің құқықтары жөнінде негізгі мәліметтерді журналистерден, яғни БАҚ-тан естіп-біледі. Тіптен, экологиялық журналистиканы – экологиялық проблемаларды шешу құралдарының бірі десек те болады. Ал бұл өз кезегінде экология тақырыбында жазатын журналистке белгілі бір дәрежеде жауапкершілік жүктейді. Осы тұста журналист зерттеп отырған проблеманың мәнін өзі ашқаны айрықша маңызды. Фактілерді келтірудегі ұқыпсыздық, материалды шығаруда тек елді таң қалдыруға ұмтылушылық – оқырмандарды, көрермендерді шатастырумен қатар, жұртшылықты бостан босқа дүрліктіріп, экологиялық проблемалар жөніндегі шенеуніктердің журналистер мен кейбір адамдардың сауатсыздығын бетке басуларына себеп болып, осы бағыттағы өмірлік мәні бар шешімдерді қабылдауда азаматтардың пікірлерін есепке алмауларына әкеп соқтыруы мүмкін.

Қазіргі заманғы БАҚ-тың тұрғындар арасында экологиялық білімді таратудағы маңызды рөл атқаратындығына байланысты журналистика қалың оқырмандар мен көрермендер аудиториясының экологиялық көзқарастарын қалыптастыруда жетекші орын алады. Жыл өткен сайын әлемде экологиялық проблемалардың өзектілігі мен қиындығын сезіне түсіп, БАҚ-тың мәдениет қалыптастырушылық, тәрбиелік қызметі ерекше маңызға ие болуда [9].

Өкінішке орай, экологиялық ағарту саласында кітап шығару ісі ең соңғы орында тұр. Экология жөніндегі кітаптар шығару жыл сайын азайып барады. Тіптен, мамандандырылған баспалардың өздері бұл бағыттағы басылымдарды аз шығарып, көбіне ғылыми монографиялармен шектеледі. Қазақстан жазушыларының «Көксе-рек», «Аққудың айырылуы», «Боз інген» шығармаларында табиғат пен адам арасындағы қарым-қатынастар бейнеленген. Өкінішке орай ұлттық дәстүріміздің арқауы болатын, табиғат, жануарлар мен өсімдік әлеміне деген сүйіспеншілікті оятатын шығармалар өте аз. Мұндай жағдай өзге де қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша кітаптар шығаратын баспаларға да тән [10].

Еліміздің түрлі өңірлерінде экологиялық жағдайлар туралы негізгі мәліметтерді тұрғын-

дар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы: газеттерден, журналдардан, радио-теледидарлардан естіп-біледі. Экологиялық проблемалар орталық қоғамдық-саяси, тарихи және әдеби-көркем басылымдардың беттерінде жарық көреді. Экология мәселелері бойынша материалдарды әсіресе газеттер көп жариялайды. Ал, бұл мәселелер қазіргі кезде тек мамандарды ғана толғанып қоймай, тұрғындардың күнделікті өмір-тіршілігіне қарқынды түрде ендеп келеді. Сондықтан да, БАҚ-ғы ақпараттар тақырыбы кеңейіп, қоғамның қалың топтарында экологиялық проблемаларды шешу жолдары талқыға түсуде.

Біз орын алып отырған проблемалардың оңтайлы шешім табуына білікті де білгірлікпен баспасөз беттерінде, электронды БАҚ-та жария етілген материалдар тиісті дәрежеде ықпалын тигізетінін сезінуіміз керек. Өйткені, көп жағдайда азаматтар баспасөз беттерінде жарық көрген жайттарды басшылыққа алады.

Қазіргі заманғы саяси немесе экономикалық шиеленістермен қатар, жаһандық экологиялық дағдарыстың да мәні зор екенін есепке ала отырып, бүгінгі күні әр журналистің табиғат заңдары туралы, экожүйе қызметі жөнінде бастапқы білімінің болуы, сондай-ақ өндірістік ластаулар, химиялық заттардың адам ағзасына зиянды әсерлері жайынан хабардар болуы міндетті [11].

Жалпы табиғатқа деген қарым-қатынас жөніндегі жаңа сананы орнықтыру ұзақ уақытты талап етеді және қоғам өмірінің экологиялық, әлеуметтік, сондай-ақ басқа да шарттарымен тікелей байланысты. Елдегі экологиялық ахуалдың нашарлауы, өмірлік деңгейдің төмендеуі, тұрақты адамгершілік-өнегелік бағдарлардың жоқтығы, тұтынушылық психологияның үстем құру, ұзақ мерзімді болжамсыз жылдам келетін пайдамен шектелушілік, немқұрайдылық пен салғырттыққа жол беру, экологиялық тәртіп бұзушылық үшін жауапкершіліктің жоқтығы жағдайында адамның табиғат алдындағы жаңа түсінігін қалыптастыру мүмкін емес.

Міне, осы тұста, яғни адамзат баласы үшін қоршаған ортаның бүліну қаупі арта түскен шақта БАҚ-тың маңызы зор болып отыр. Табиғатқа келтіріліп отырған залалдың басым көпшілігі экологиялық мәдениеттің төмендігінен және мәселенің мән-жайын білмеушіліктен екені айқын. Осындай жағдайды өзгерту БАҚ қызметінің кәсібилігі мен өнегелік деңгейінің жоғарылығына тікелей қатысты. Сол себепті де бұқаралық ақ-

парат құралдары табиғаттың ластануы бойынша ғана емес, сонымен қатар осы тауқыметті шешу жолдары үшін де үлкен жауапкершілікті мойындарына алып отыр. Яғни, бүгінгі күні дәл БАҚ өкілдері дағдарысты ахуалдан шығу бағыттарын көрсетуге міндеттелген [12].

Кез келген адам экологиялық проблемаларды түсінуге үлкен ғылым тұрғысынан қарай алмайды. Осынау кесепат туралы түсінік-ұғым үстірт ойлау үлгісінде: қарабайыр әсер алушылықтан немесе бұқаралық ақпарат құралдарының қысқаша хабарларынан қалыптасады. Әрине, табиғатқа залал келтірмей, оған ақылға салып қарауды қажет ететін экологиялық білімнің бір қалыпты жүйесін саралай алуы үшін адамға жұлып-қашпа мәліметтер жеткіліксіз. Бұл жерде БАҚ-тың міндеті – тұрғындарды экологиялық тәрбиелеудің және білім берудің жүйелі сипатын қамтамасыз ету болып табылады.

Ең бастысы – адамдардың санасына ықпал ету проблемасын шешу керек. Түптеп келгенде, қоғам мен табиғаттың өзара қатынас проблемаларын қарапайым метафизикалық түсінуден салмақты ұғынуға шейін жетуге күш салуымыз қажет. Осы жерде бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі ерекше. Дамыған түрдегі экологиялық сана – адамдардың табиғи орта тұтастығының заңдары мен табиғаттың өмірге жарамды күйін сақтау мақсатындағы адамзат іс-әрекетін реттейтін заңдарды түсінулері негізінде қалыптасуы тиіс. Мұның ең бір қиын тұсы – экологиялық сананы қалыптастыру үдерісі адамзаттың барлық жастағы және әлеуметтік топтағы бөліктерін қамтуы керек. Ал әр топтардың осы тараптағы білімді қабылдау мүмкіндіктері әрқилы екені тағы белгілі.

Қазақстандық экологиялық фильмдерге келетін болсақ, Қазақстанда аймақтық телекомпаниялармен құрылған деректі фильмдер басымдылық көрсетеді. Сондай бір деректі фильмдердің бірі 1997 жылы жарық көрген Сорос-Қазақстан қорының көркемөнер авторларының бірінші конкурс жеңімпазы Жанар Құсайынованың «Хлеб, огонь, вода, солнце... жизнь» фильмі. Сонымен қатар 1998 жылы түсірілген Мұрат Мусиннің «Песчаный зверь» атты фильмі Аралда тұратын тұрғындар туралы, олардың үйлерін үнемі құм жауып кететіні және де осындай қиын жағдайда тұрса да, өздерінің туған жерлерін тастап кетпей, ата-баба зеріне

деген берілгендіктерін көрсетуі туралы бейнеленеді. Осыған ұқсас Виктор Завицкийдің (1998) тағы бір «Такая долгая жизнь» деректі фильмі, керісінше Арал тұрғындарының туған жерін тастап кетуіне мәжбүр болуы туралы, экологиялық апат салдары, 50-жылдарда Аралдың қандай болғаны туралы фильм барысына сай әуенмен, жазулармен бейнеленеді. Ал Аралдық режиссер-дебютант Нурдулла Балманов өзінің «В течение жизни» (2002) деректі фильмін Қызылорда облысының Қаратерең поселкесінің тұрғыны, үкіметтік емес ұйымның белсенді мүшесі Мырзаш Исаевқа арнайды. Ол шөлде тұратын жерлерестерін сумен қамтамасыз ету, осы өңірде ағаш отырғызу мәселесімен күреседі. Тағы бір мұрағаттық фильмдерге тоқталсақ, Т. Бейсеновтың «Эхо первого крика» атты документалды фильмі Семей полигонында ядролық сынақтардың зардаптары туралы ашық бейнеленген. 2002 жылы түсірілген Өскемендік В. Дубровскийдің «Семипалатинский ленточный бор. Механика уничтожения» атты фильмі ағаштардың бағалы сорттарын заңсыз кесіп, саудагерлерге сатуы туралы. Бұл жерде тергеуді бастаушы кино авторының өзі болады, ол проблеманы егжей-тегжей зерттеп, пайда болған жағдайдан қарай арылу жолдарын табу мақсатында мамандарға жүгінеді. Бұл фильмде аналитикалық-түсініктемелік мәтін мен сұхбат көлемі біркелкі берілген.

Қазақстан азаматтары мұнай және басқа да пайдалы қазбаларды өндіруден пайда көре ме? Ұлттық қордың мақсаты неде? Бұл сұрақтарға «Табиғат байлығы кімнің қолында» экрандық публицистикасы жауап береді. С. Куратов пен Д. Копейкиннің бұл фильмінде Қазақстан Республикасының ұлттық қоры туралы баяндалады. Сонымен қатар фильмде мұнай өндіруден түсетін пайда көлемі, одан қоршаған ортаны қорғауға бөлінетін қаржы және де табиғатқа келтірілетін зиян көлемі туралы ашық көрсетілген. Осы фильм тектес тағы бір фильм «Пассажиры забытых полустанков» (2003) адам баласының таза қоршаған ортада өмір сүру құқығы турлы айтылады.

Жоғарыда аталған қазақстандық деректі фильмдердің барлығы авторлық лирикалық бастау алып, көбінесе адами құндылықтарға негізделеді. Телережиссерлер мен журналистер деректі фильмдерді түсіру барысында адам мен табиғат арасындағы тығыз байланысты көрсете

отырып, адамдардың өмірі туралы, табиғат туралы ортай ой-пікірлерімен бөліседі.

«Жасыл» экономиканы дамытудың балама формаларының бірі болып табылатын экологиялық қоныстарды құру идеясымен өзінің экожобасын ұсынған Алия Назарбаеваның «Жандану» фильмі бүгінгі таңдағы аса күрделі мәселе болып табылатын экологиялық мәселелердің шешімінің жолын көрсетеді. Фильм екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде экологиялық қоныстарға көшіп келген тұрғындардың алғашқы сезімдері мен қорқыныштары бейнеленсе, екінші бөлімінде тұрғындардың экологиялық қонысқа көшіп келгендеріне өкінбейтіндіктерін, олардың аз ғана уақыт ішінде жеткен жетістіктері бейнеленеді. Фильм соңында автор бүкіл жұртшылықты табиғатты қорғауға шақыра отырып, «Табиғат адамның өмір сүруі үшін құрылған, сондықтан оны жойып жіберу де, қалпына келтіру де адамның қолында», – дейді [13].

Елімізде он табиғи қорық бар. Қорықтардың басты мақсаты – мұндағы тіршілік ететін өсімдіктер мен жануарлар дүниесімен қоса сақтау, табиғат кешендерінің табиғи даму заңдылықтарын анықтау. Өскемендік тележурналистердің «Махаббат және үміт көлі: Марқакөл» (2003) өркениеттен алыс, өзінің бүлінбеген керемет қалпын сақтаған көл туралы керемет бейнелеген.

Айтолқын Құрманова, Александр Дроздов және Эдуард Галеевтің «Ақшалар құмға кетіп барады» атты Сорос-Қазақстан қорының қолдауымен шығарылған деректі фильм Мұнайлы елдерінің қатарындағы кедей тұрғындары бар бай ел туралы мәселе қозғалады. Неге бай ел кедей тұрады? Себеп – мұнайдан келген ақша дұрыс жұмсалмайды [14].

В. Белялов пен Л. Мухамедгалиеваның «Алтын-Эмель» (1997), «Весенние плесы» (1997), «Шеврон Мұнайгаз» фильмдері деректі фильмдер мен ғылыми-белгілі фильмдер тоғысында ұлтаралық корпорация қаржыларына тапсырыс бойынша туындаған. Бұл фильмдерде авторлар азаматтарды тәуелсіз ұлтымыз қаншалықты билікке ие екенін ескертеді және өркениет алдында жануарлар әлемінің қаншалықты қорғаусыз екенін көрсетеді. Бұл авторлар өз істерінің шебері, олардың фильмдері Қазақстанда туындаған экологиялық фильмдердің ішіндегі ең үздіктері. Табиғат туралы ғылыми-әйгілі кинолардың Қазақстандық классиктері В.А. Белялов пен

Л. Мухамедгалиеваның фильмдерінің кеңесшісі болған, тәжірибелі орнитолог, ғалым Алтай Жатқанбаев қазіргі кезде өзі де табиғат туралы фильмдердің режиссері, операторы және де продюсері. А. Жатқанбаевтың «Джек – дрофа-красотка» (1998), «На зов поющего бархана» (1998) фильмдері жануарлар мен табиғаттың бірегей ескерткіші болып табылатын «ән салатын құм төбелерге» арналады. Автордың «Қазақстанның тірі табиғат әлемін тану», «Балқаш маңы «джунглиіне» саяхат», «Бірқазандар», «Наурызым», «Талғар тауларындағы қорықтар» экологиялық-танымдық фильмдер болып табылады [15].

Жоғарыда берілген деректі фильмдер Қазақстандағы экологиялық фильмдердің тек бір бөлігі деуге болады. Қазақстандық экологиялық фильмдер тележурналистикалық тергеу, деректі фильмдер, жасыл белсенділердің фильм-портреттері арқылы берілетін аумақтық көлемдегі әртүрлі экологиялық мәселелерді қамтиды. Бірақ бұл фильмдердің барлығы Қазақстанның керемет табиғатын толық сипаттай алмайды және елдегі экологиялық проблемаларды толық қамти алмайды. Елімізде басқа шетелдермен салыстырғанда оқу-фильмдері мен фильм-дәрістер жетіспейді. Себебі Қазақстанда экологиялық кино түсіруші арнайы продюсерлер институты жоқ. Бұл фильмдер тек авторлардың ұсынысымен шетелдік компаниялардың қаржыландырылуымен дүниеге келуде. Тәуелсіз авторлар мен арнайы мамандардың түсірген фильмдерді Қазақстандағы экологиялық жағдайдың шиеленіскенін ашық бейнелейді. Ал арнайы тапсырыспен түсірілген фильмдер тек үстіртін ғана, ауыр мәселелерді кадрдың артында қалдырып бейнелейді. Солардың бір мысалы «Қазақстан» телеарнасынан 2005 жылы берілген «Экологиялық тепе-теңдікті сақтай отырып» атты деректі фильмі. Бұл фильмде «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг» компаниясының қауіпсіз өнім алу технологиясы жайлы баяндалады.

Экологиялық кино дегеніміз бұл адамдардың бірігіп, өмірдің құндылықтарына шынайы берілгендіктерін тура көрсететін және бүкіл жер бетіндегі тірі тіршілікті сақтауға ұмтылатын жасыл қозғалыстар [16].

Қазақстан телеарналарында мерзімді арнайы экологиялық бағдарламалар жоқ. Мұрағаттық деректерге жүгінетін болсақ, 2005 жылы «Экология жаршысы» атты бағдарлама мерзімді түр-

де беріліп келген. Ал қазіргі таңда табиғат және оны қорғау туралы телехабарлар «Қазақстан» телеарнасынан берілетін «Таңшолпан» бағдарламасында «Табиғат пен адамзат экологиясы» және «Алаң» бағдарламасында «Ел экологиясы: ертеңіміз не болмақ?» сияқты тек белгілі бір тақырыптармен ғана беріледі.

Отандық арналарға қандай толықтырулар мен өзгерістер енгізу керек деген сұраққа сауалнамаға қатысқандардың 55% жастар бойында имандылық пен мәдениетті қалыптастыратын бағдарламалар көбейсе, 20% тіл үйрететін бағдарламалар енгізілсе, 15% еліміздің тарихы, мәдениеті, салты туралы бағдарламалар саны көбейсе деп жауап берген. Ал табиғатты қорғау мәселесі туралы бағдарламалардың берілуін респонденттердің ешқайсысы атаған жоқ [17].

Жалпы алғанда бұқаралық ақпарат құралдары тұрғындар арасында экологиялық білім беруде, экологиялық көзқарас қалыптастыру ісінде маңызды көпір бола алады. Электронды БАҚ-ты кең көлемде күнделікті өмірге енгізудің қарқынды қолға алынуына байланысты қоршаған ортаның жай-күйі және табиғи байлықтарды орынды пайдалану жөніндегі дәлме-дәл, тиянақты және сарапқа салынған ақпараттарды көпшілікке жеткізуге деген талап күшейтіліп отыр. Сонымен қатар, журналистердің қоршаған ортаның жай-күйі және табиғи байлықтарды орынды пайдалану жөніндегі мазасыздануларымен бірге

табиғатты қорғау, экологиялық проблемаларды шешудің нақты нұсқаларын ортаға салу тәрізді жайттарды негізге алу қажет. Экологиялық материалдардың өзіндік ерекшеліктеріне байланысты, проблеманың маңыздылығы мен күрделілігіне орай журналистер дайындау бағытында экологиялық мамандандыруды қолға алу керек деп санаймыз.

Белгілі бір дәрежеде БАҚ қалыптастыратын экологиялық мәдениеттің деңгейінен адамзаттың құрдымға кетпеу мәселесі – біздің жершарымызда адамдар қырылып қалмай, күйзеліске ұшырамай өмір сүре ала ма деген өзекті шаруаның шешімі айқындалмақ. «Экологиялық сана» атты пәнге қазір адамзатты құтқару, дағдарыстан алып шығар жолды анықтау миссиясы жүктелген. Сондықтан да бұқаралық ақпарат құралдарына экологиялық дағдарыс проблемасына аса жауаптылықпен ден қойып, қоғамдық пікірді қалыптастыруға атсалысулары өмірлік маңызды дүние болмақ.

Қазіргі заманғы даму қарқынында дәп осы бұқаралық ақпарат құралдары мен коммуникация саласы жеке және қоғамдық пікірді қалыптастырудың негізгі құралы болып табылады. Олардың мәні күн сайын өсе түсуде. Экологиялық сана мен экологиялық мәдениетті қалың бұқара арасында қалыптастыру БАҚ алдында тұрған үлкен міндеттердің бірі деп түсінуіміз керек.

Әдебиеттер

1. Гидденс Э. Социология. – М.: Эдиториал УРСС, 1999. – 10-12-бб.
2. Кириллова Н. Б. Медиакультура: от модерна к постмодерну. – М.: Академиялық жоба, 2005. – С. 6-7.
3. СМИ и Интернет // 2008-2012 kazakhstanlive.ru
4. <http://www.iac.gba.kz>
5. Дридзе Т.М., Адамьянц Т.З. Массовая коммуникация в формировании современного социокультурного пространства // Дөңгелек үстел материалдары: Элеуметтанушылық зерттеулер – 2000. – №7. – 77-82-бб.
6. Ясавеев И.Г. Конструирование социальных проблем средствами массовой коммуникации. – Қазан: Қазан университеті баспасы, 2004. – 74-б.
7. Ясавеев И.Г. Средства массовой коммуникации и социальные проблемы. – Қазан: Қазан университеті баспасы, 2000. – 97-99-бб.
8. Гольбрайх В.Г. Экологические проблемы в современной прессе [Электрондық ресурс]. http://www.cei.ru/rus/our_public/ru300304r.shtml (11.12.2013)
9. Демина Т.А. Экология, природопользование, охрана окружающей среды: жалпы білім беретін мекемелердің жоғары сыныптарына арналған оқулық. – М.: Аспект Пресс, 1998. – 143-б.
10. Құрманбаева Г. Экологиялық мәдениеттің ұлттық дәстүрдегі арқаулары: [Қазақстан жазушыларының шығармаларындағы табиғат пен адам арасындағы қарым-қатынас, құбылыстар] // Қазақ тілі мен әдебиеті. – Алматы, 1997. – 42-45-бб.
11. Банников А.Г. и др. Основы экологии и охрана окружающей среды / Банников А.Г., Вакулин А.А., Рустамов А.К., – 4-ші басылым, қайтаөңдеу және толықтыру. – М.: Колос, 1999. – 214-223-бб.
12. Экология: Педагогикалық ЖОО студенттеріне арналған оқу құралы. – М.: VLADOS Гуманитарлық баспа орталығы, 2004. – 463-б.

13. <http://www.youtube.com/watch?v=iJydQzsYd-w>
14. <http://www.soros.kz/>
15. <http://news.nur.kz/129150.html>
16. Беркова Н.Н. Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы. «Зеленое спасение» хабаршысы. [Электрондық ресурсы]: <http://www.greensalvation.org/index.php?page=Berkova-ecokino>
17. Қазақстан Республикасының ұлттық саясатының тұжырымдамасы (2015 жылға дейінгі іске асырылатын міндеттер). – Алматы, 18 қаңтар, 2010 ж.

References

1. Giddens E. Sociologia. M.: Editorial URSS, 1999. – 10-12 bb.
2. Kirilova N.B. Mediakultura: ot moderna k postmodernu. – M.: Akademiyk joba, 2005. – S. 6-7.
3. SMI i Internet // 2008-2012 kazakhstanlive.ru
4. <http://www.iac.gba.kz>
5. Dridze T.M., Adamianc T.Z. Massovaia kommunikacia v formirovanii sovremennoego sociokulturnogo prostranstva // Dongelek ctol materialdary: Aleumettanushylyk zertteuler – 2000. – №7. – 77-82-bb.
6. Iasaveev I.G. Konstruirovanie socialnyh problem sredstvami massovoi kommunikacii. – Kazan: Kazan universitety baspasy, 2004. – 74 b.
7. Iasaveev I.G. Sredstvami massovoi kommunikacii I socialnye problemy. – Kazan: Kazan universitety baspasy, 2000. – 97-99-bb.
8. Golbraih V.G. Ekologicheskie problemy v sovremennoi presse [Elektronдық resurs]. http://www.cei.ru/rus/our_public/pu300304r.shtml (11.12.2013)
9. Demina T.A. Ekologia, prirodopolzovanie, ohrana okrujayushei sredy: jalpy bilim beretin mekemelerdin jogary synyptaryna arналган okulyk. – M.: Aspekt Press, 1998. – 143 b.
10. Kurmanbaieva G. Ekologialyk madeniettin ulttyk dasturdegi arkaulary: [Kazakstan jazushylarynyn shygarmalaryndagy tabigat pen adam arasyndagy karym-katynas, kubylystar] Kazak tili men adiebiet. – Almaty. 1997. – 42-45-bb.
11. Bannikov A.G. i dr. dp. Osnovy ekologii i okhrana okruzhayushchei sredy/Bannikov A.G., Vakulin A.A., Rustamov A.K., – 4-e izdanie, pererabotka i dopolnenie. – M.: Kolos, 1999. – S. 214-223.
12. Ekologia: Pedagogikalık JOO studentterine arналган oku kuraly. – M.: VLADOS Gumanitarlyk baspa ortalygy, 2004. – 463-b.
13. <http://www.youtube.com/watch?v=iJydQzsYd-w>
14. <http://www.soros.kz/>
15. <http://news.nur.kz/129150.html>
16. Berkova N.N. Jurgenev atyndagy Kazak ulttyk oner akademiasy. «Zelenoe spasenie» Habarshysy [Elektronдық resurs]: <http://www.greensalvation.org/index.php?page=Berkova-ecokino>
17. Kazakstan respublikasynyn ulttyk saiasatynyn tujyrymdamasy (2015 jylga deingi iske asyrylatyn mindetter). – Almaty, 18 kantar, 2010 j.